

Мемлекеттік қызмет саласын жетілдіру, кәсіби әдеп қағидаттарын нығайту мен мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру мәселелеріне арналған аудан активінің кездесуі өтті. Кездесуге аудан әкімі Нұрхан Тілеумұратов, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Айбек Шілманов және мемлекеттік қызмет саласының ардагері Ахат Мырзалин қатысты.



ланған жұмыс қағидаттарын одан әрі жетілдірудің маңыздылығы атап өтілді.

Мемлекет басшысы айқын-даған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады.

Заң үстемдігі — басты қағида

Хромтау ауданының әкімі Нұрхан Тілеумұратовтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Отырысқа онлайн форматта Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департамент басшысының орынбасары Рафхат Бисенов қатысып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты тиімді іске асыру, алдын алу шараларын күшейту және мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау мәселелері бойынша баяндады.

Сондай-ақ Хромтау аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ринат Сәрсенғалиев пен аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Қойшыбай Рсалин өз салаларында атқарылып жатқан жұмыстар туралы есеп берді.

Жиын барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Отырыс қорытындысы бойынша аудан әкімі жауапты сала басшылары мен орынбасарларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Ләззат ӘБДІРОВА.



Құриетті Жерлестер!

Сіздерді мемлекеттік мереке – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Астана – Тәуелсіз Қазақстанның жарқын жетістіктерінің, баянды болашағы мен зор мүмкіндіктерінің айқын көрінісі. Айшықты елордамыз аз ғана уақыт ішінде сәулеті мен сәні келіскен, заманауи келбеті қалыптасқан әсем шаһарға айналды.

Елордамыз – ел бірлігі мен татулығының, ынтымағы мен тұрақтылығының символы. Бүгінде Астана жаңа бастамалар мен игі істердің, толағай табыстар мен жасампаз жобалардың орталығына айналып отыр.

Астана бүгінде бейбітшілік пен қоғамдық келісімнің берік тұғыры ретінде барша қазақстандықтарды ортақ мақсатқа ұйыстырып келеді. Сондықтан да жас ұрпақтың өз болашағын әлемдегі ең көрікті әрі қарқынды дамып келе жатқан қалалардың бірі – Астанамен байланыстыруы заңды құбылыс.

Қагірлі ағайын!

Осынау жалпыұлттық мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке мен мол ырыс тілеймін. Елордамызбен бірге еліміздің де абыройы асқақтап, мерейі үстем бола берсін! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен,
Хромтау ауданының әкімі
Н.ТЛЕУМҰРАТОВ

Әбажасиыы земляки!

Примите искренние поздравления с Днем столицы Республики Казахстан!

День столицы имеет важное общественно-политическое значение, являясь поистине общенародным праздником для каждого казахстанца.

Астана – международный политический и культурный центр, в котором переплетаются традиции и современные технологические и индустриальные достижения. Этот город, объединяющий в себе гармоничное прошлое и будущего, наполняет силами и вдохновляет на новые свершения.

Сегодня столица – олицетворение нового, динамично развивающегося государства, символ обновления и независимости Казахстана. Астана стала отражением высоких социальных стандартов нашей страны, прогресса и экономического подъема.

Празднование Дня столицы стало доброй традицией для всей страны. Каждый из нас сопричастен к дальнейшему созидательному развитию и реализации намеченных планов. Вместе мы сделаем нашу столицу и страну еще более сильными и процветающими!

Дорогие земляки!

В этот светлый праздничный день хочу пожелать вам крепкого здоровья, счастья, благополучия, новых успехов и достижений во благо нашей Родины – Республики Казахстан!

С уважением,
Аким Хромтауского района
Н.ТЛЕУМҰРАТОВ

РӘМІЗДЕРДІ ЗАҢҒА САЙ ҚОЛДАНУ — БАСТЫ ТАЛАП

Мемлекеттік рәміздерді заң талаптарына сәйкес қолдану мәселелері бойынша аудандық семинар ұйымдастырылды.



Семинарды аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Қожабеков пен облыстық ішкі саясат басқармасы талдау және мониторинг бөлімінің бас маманы Гүлхан Раисова өткізді. Семинарға аудандық бөлімдер мен мекемелердің басшылары, ауылдық округ әкімдері мен жауапты мамандар, мәслихат депутаттары, білім беру, денсаулық сақтау

және спорт салаларының өкілдері қатысты.

Семинар барысында Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Өнұранды қолдануға қатысты заңнама талаптары кеңінен түсіндіріліп, жиі кездесетін құқық бұзушылықтар мен олардың алдын алу жолдары қарастырылды. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздерді заң талаптарына сәйкес сақтау, пайдалану және жою тәртібі жөнінде толық ақпарат берілді.

Кездесу соңында қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жан-жақты жауаптар беріліп, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау және оларды заң талаптарына сәйкес қолданудың маңыздылығы атап өтілді.

Ләззат ӘБДІРОВА.

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ — СЕНІМНІҢ ӨЛШЕМІ



Жиын барысында мемлекеттік қызмет жүйесіндегі соңғы өзгерістер мен жаңашылдықтар, мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру бағытындағы реформалар, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау мәселелері кеңінен талқыланды.

Спикерлер өз сөздерінде мемлекеттік қызметтің басты мақсаты — халыққа сапалы қызмет көрсету екенін атап өтіп, мемлекеттік қызметші әрдайым кәсібилік, адалдық, әділдік және ашықтық қағидаттарын басшылыққа алуы тиіс екенін жеткізді. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің қоғам алдындағы жауапкершілігі мен мемлекеттік қызмет әдебін сақтау мәдениетінің маңыздылығына ерекше назар аударылды.

Тиімділік пен жауапкершілік

Ауданға жасаған сапарында Айбек Шілманов пен Нұрхан Тілеумұратов Абай ауылына жұмыс сапарымен барды. Сапар барысында мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мен ауылдық округ әкімдігі аппаратының қызметі қаралып, тұрғындарға ұсынылатын қызметтердің ұйымдастырылу барысымен танысты. Сондай-ақ ауылдық округ мамандарымен кездесіп, мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру, қызмет көрсету сапасын жақсарту және мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау мәселелері талқыланды.

Кездесу барысында азаматтарға қолайлы әрі сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен халыққа бағдар-

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТ БАҒАМДАЛДЫ

Облыс прокурорының орынбасары Айбек Тағыбергenniң ауданға жұмыс сапары аясында «INVEST CARAVAN» форматында аудан инвесторларымен кездесу өтті. Кездесуге аудан әкімі Нұрхан Тілеумұратов қатысып, кәсіпкерлік саласындағы өзекті мәселелер талқыланды.

Жиында инвестициялық жобалардың даму жоспарлары қаралып, кәсіпкерлердің ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Атап айтқанда «Казгеоруд» ЖШС-нің жер телімін рәсімдеу мәселесі, «Восход-Огiеl» ЖШС лицензиясына қатысты жағдай және «Рахат+» кемпинг нысанының шығындарының бір бөлігін өтеу түріндегі мемлекеттік қолдау алу мәселелері көтерілді. Әрбір мәселеге жан-жақты құқықтық түсіндірмелер беріліп, оларды заң талаптарына сәйкес шешу жолдары қаралды. Сонымен қатар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және инвестициялық жобаларды іске асыруға қолайлы жағдай жасау



теңге. Сондай-ақ агроөнеркәсіп саласындағы ірі кәсіпорындардың бірі — «АКМЭЗ» ЖШС май зауытының өндірістік қуаттылығы мен технологиялық үдерістері таныстырылды. Жұмыс сапарының қорытындысында Ақжар ауылын-

да салынып жатқан «Жел электр станциясы» жобасының жүзеге асырылу барысы қаралды. Жасыл энергетика саласындағы маңызды жобаның құны 135 млрд теңгені құрайды.

Ләззат ӘБДІРОВА.

АУДАН ДАМУЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ШЕШІМДЕР

Хромтау аудандық мәслихатының кезекті 49-сессиясы өтіп, оған аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері және мәслихат депутаттары қатысты.

Сессия барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Алғаш болып аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Кенжетай Тілеубаев сөз сөйлеп, 2025 жылға арналған аудандық бюджеттің атқарылуы жөнінде есеп берді. Сонымен қатар, 2026–2028 жылдарға арналған Хромтау аудандық бюджетін бекіту туралы шешімге өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстар таныстырылды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Қойшыбай Рсалин аудандық жер комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы баяндама жасады.

Одан кейін аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ренат Сарсенғалиев аудан әкімдігі жанындағы тұрғын үй комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы шешімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігін жеткізді.

Сондай-ақ аудан әкімі аппаратының басшысы Алмас Мұңлықов аудан әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның, құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі комиссияның және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның дербес құрамына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды депутаттардың қарауына ұсынды.

Бұдан бөлек, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының міндетін атқарушы Саламат Даңғаев Хромтау ауданында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және



мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына өзгерістер енгізу жөнінде баяндама жасады.

Күн тәртібіне енгізілген барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, аудандық мәслихат депутаттарының бірауыздан қолдауына ие болды. Қабылданған шешімдер ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға және тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі ретінде бағаланды.

Алмат ЗЕЙНОЛЛА

ХРОМТАУ ҚҰРАМАСЫ — ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА



Мемлекеттік қызметшілер арасында өтіп жатқан облыстық спартакиадада Хромтау ауданының құрамасы жоғары спорттық дайындық пен командалық бірліктің жарқын үлгісін көрсетіп, аудан мерейін үстем етуде.

25-28 маусым аралығында ұйымдастырылған дүбірлі додада хромтаулық спортшылар бірқатар спорт түрлерінен үздік нәтижелерге қол жеткізіп, жүлделі орындарды иеленді. Үстел теннисі бойынша аудан намысын қорғаған Ұлмекен Сәрсенбай мен Медет Досмағанбетов қарсыластарынан басым түсіп, жалпы командалық есепте бірінші орынды жеңіп алды. Қазақ күресінен де Хромтау құрамасы өз мықтылығын дәлелдеп, жалпыкомандалық көрсеткіште бірінші орынға ие болды. Жекелей сында Едіге Сағынай чемпион атанса, Әмір Асқарұлы мен Ернұр Кемелұлы күміс жүлдені еншіледі. Ал Бақыт-

бек Усмаханов пен Эльмурад Болатов қола жүлдегерлер қатарынан көрінді. Баскетболдан (3×3) өткен тартысты бәсекеде ауданның қыздар құрамасы үшінші орынды иеленіп, үздіктер қатарынан көрінді. Команда сапында Ажар Ыбрайымова, Гүлсезім Қадырбай, Анеля Омарова, Нұргүл Сейітқали және Жансая Аялберген өнер көрсетті. Жүзу спортында Нина Рудненко алтын медаль жеңіп алып, аудан қоржынына кезекті жоғары жетістікті салды. Жалпыкомандалық есепте Хромтау ауданының жүзу құрамасы төртінші орынды иеленді. **Ләззат ӘБДІРОВА.**

ТУРНИРДЕ ТОП ЖАРДЫ

Балқаш қаласында 2010-2011 жылдары туған жасөспірімдер арасында бокстан КСРО спорт шебері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт қайраткері Тілеугерей Маканалинді еске алуға арналған халықаралық турнир өтті.



Аталған дүбірлі додада Хромтау қаласының намысын қорғаған төрт жас спортшы жүлделі орындарға ие болып, аудан абыройын асқақтатты. Жарыс қорытындысы бойынша 54 келі салмақта сыңға түскен Нұрбақыт Самат күміс жүлдеге қол жеткізсе, 57 келіде өнер көрсеткен Әділ Ысқақ қола жүлдегер атанды. Ал 66 келі салмақтағы Дәулетияр Талғат қарсыластарынан басым түсіп, турнир жеңімпазы болды. +80 келі салмақта бақ сынаған Әбілмансұр Қазыбекұлы да үздік нәтиже көрсетіп, алтын жүлдені иеленді. Жас боксшылардың бұл жетістігі — тынымсыз еңбектің, жаттықтырушылардың кәсіби шеберлігінің және спортқа деген табандылықтың нәтижесі.

Өз тілшіміз.

КОМБИНАТТЫҢ ҮЗДІК ЖОБАСЫ

Дөң тау-кен байыту комбинатының карьерлеріндегі эстакадаларда тежегіш жүйелерін тексеру жобасы үздік атанды.



Астанада тау-кен металлургиясы саласындағы Astana Mining & Metallurgy конгресі аясында дәстүрлі «Алтын Гефест» ұлттық салалық байқауының жеңімпаздары марапатталды. «Тау-кен металлургия кешеніндегі үздік digital-шешім» номинациясы бойынша бас жүлдені Қазхром мен Business & Technology

Services бірлесіп әзірлеген «Карьер эстакадаларында тежегіш жүйелерін тексеру» жобасы иеленді. Технология тәулік бойы бейнеағынды талдап, техниканың эстакада арқылы өтуін тіркейді, міндетті тоқтауын бақылайды және тежегіш жүйесінің тексерілігенін анықтайды. Қандай да бір талап бұзылған жағдайда ақпарат автоматты түрде жағдаяттық орталыққа жіберіледі. Бүгінде бұл шешім Дөң тау-кен байыту комбинатының төрт карьерінде табысты қолданылып келеді. — Тау-кен өндірісінде қауіпсіздік мәселесінде ұсақ-түйек болмайды. Біздің ортақ міндетіміз — қауіп-қатердің алдын алып, оның оқыс оқиғаға ұласуына жол бермеу. Сондықтан еңбекті қорғау саласындағы IT-шешімдердің маңызы зор. Бұл сырттан алынған әзірлеме емес, өндірісті жақсы білетін әрі кәсіпорындардың нақты қажеттіліктерін түсінетін өз командалымыздың еңбегі. Жобамыздың лайықты бағаланғанына қуаныштымыз, — дейді «Қазхром» трансұлттық компаниясы» АҚ өндірісті цифрландыру және IT бағдарламасының жетекшісі Қайрат Жандосов.

Еламан МАРАП.

«ТАССАЙ» ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫ ТУРИСТЕРГЕ ЕСІК АШТЫ

Хромтау ауданындағы «Тассай» қоғамдық демалыс орталығы жазғы демалыс маусымында келушілерді қабылдауға дайын. Табиғат аясында тынығып, отбасымен немесе достарымен уақыт өткізуді қалайтын тұрғындар үшін мұнда барлық қажетті жағдай қарастырылған.



ТАССАЙДАҒЫ TEAMBUILDING

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен Тассайдың көркем табиғат аясында жергілікті БАҚ өкілдеріне арналған мерекелік тимбилдинг іс-шарасы өтті.

Мерекелік кездесуге аудандағы жалғыз ресми бұқаралық ақпарат құралы — «Хромтау» аудандық қоғамдық-саяси газетінің ұжымы, «АМК» компаниясының баспасөз қызметінің мамандары, сондай-ақ ауданның ақпараттық кеңістігінде белсенді еңбек етіп жүрген креативті блогерлер қатысты. Іс-шара барысында олардың ақпарат саласын дамытуға қосқан үлесі жоғары бағаланып, аудан әкімдігінің Алғыс хаттарымен және марапаттарымен марапатталды. Күнделікті қарбалас жұмыстан бір сәт тынығып, табиғат аясында өткен кездесу қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Ұйымдастырушылар түрлі танымдық және командалық ойындар, спорттық сайыстар мен мәдени бағдарламалар әзірлеп, әріптестер арасындағы ынтымақтастық пен өзара қарым-қатынасты нығайтуға ерекше мән берді. Әсіресе аудандық Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері ұсынған көңілді ойындар мен мерекелік бағдарлама-

лар кештің көркін қыздырып, қатысушылардың ерекше ықыласына бөленді. Белсенділікке толы сайыстар ұжымдық бірлікті арттырып, мерекелік атмосфераны одан әрі жандандырды. Іс-шараның ресми бөлімінде аудан әкімінің орынбасары Қасымхан Мұстапа аудан әкімі атынан БАҚ өкілдерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың қоғамдағы маңызды рөліне тоқталды. — Бұқаралық ақпарат құралдары – қоғамның айнасы. Сіздер төртінші билік өкілдері ретінде ауданымыздағы маңызды жаңалықтар мен өзекті мәселелерді халыққа дер кезінде жеткізіп, билік пен бұқара арасындағы алтын көпір қызметін атқарып келесіздер. Ақпарат саласындағы адал еңбектеріңіз бен кәсібиліктеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін. Баршаңызға шығармашылық табыс, қаламдарыңызға қуат, отбасыларыңызға амандық тілеймін, — деді ол. Мерекелік шара еркін форматтағы жүздесумен жалғасып, қатысушылар табиғат аясында пікір алмасып, алдағы шығармашылық жоспарлары туралы әңгімелесті. Осындай тағылымды кездесулер әріптестер арасындағы байланысты нығайтып қана қоймай, ақпарат саласы мамандарының кәсіби ынтымақтастығын дамытуға да оң ықпал етеді.

Алмат ЗЕЙНОЛЛА

ФУТБОЛ АЛАҢЫНДАҒЫ ТАРТЫС

Қазақстан полициясы күніне орай Хромтау ауданында мемлекеттік мекемелер қызметкерлері арасында шағын футболдан турнир ұйымдастырылды.



Бұқаралық спортты дамытуға бағытталған жарыс салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, мемлекеттік қызметшілер арасындағы ынтымақтастық пен ұйымшылдықты нығайтуға, сондай-ақ «Заң мен тәртіп» қағидатын кеңінен дәріптеуге арналды. Жасыл алаңда өткен тартысты кездесулерде әр команда жоғары дайындық деңгейін, шеберлігі мен жеңіске деген жігерін паш етті. Әрбір ойын көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырып, спорттың адамдарды ортақ мақсатқа жұмылдыратын, достық пен өзара құрметті қалыптастыратын маңызды құндылық екенін тағы бір мәрте айқындады. Турнир қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен командалар анықталып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен, медальдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды.

Аталған спорттық дода құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қоғамдағы мәртебесі мен еңбегіне деген құрметті арттыруға, заң үстемдігі, қоғамдық тәртіп және азаматтық жауапкершілік қағидаттарын насихаттауға өзіндік үлес қосты. Сонымен қатар турнир мемлекеттік ме-

кемелер арасындағы өзара ынтымақтастықты бекемдеп, қатысушылардың командалық рухын шыңдап, серіктестік пен сыйластықты одан әрі нығайтқан тағылымды спорт мерекесіне айналды.

Ләззат ӘБДІРОВА.

ЖЕРАСТЫ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАЛАЙ БАҚЫЛАНАДЫ?



Дөң тау-кен байыту комбинатының «Болашақ» шахтасында жерасты инфрақұрылымының негізгі нысанның бірі бойынша цифрлық егіз жасау жобасы басталды.

Бұл мақсатта кәсіпорын мамандары алғаш рет өз күшімен 600 метрден астам тереңдікте бір шақырымдық скип оқпанына жоғары дәлдікті лазерлік түсірілім жүргізді. Жаңа технология ықтимал қауіп-қатерлерді алдын ала анықтауға, жұмыс қауіпсіздігін арттыруға және шах-

та нысандарын пайдалануды дәлірек жоспарлауға мүмкіндік береді. Скип оқпаны — шахтаның басты көлік құретамыры. Ол арқылы жұмысшылар төмен түсіп, жоғары көтеріледі. Кен мен тау жыныстары сыртқа шығарылады. Адамдардың қауіпсіздігі мен өндіріс процесінің тұрақтылығы осы нысанның жай-күйіне тікелей байланысты. Бұған дейін оқпанды тексеру жұмыстары сыртқы ұйымдардың көмегімен жүргізілсе, қазір бұл істі комбинаттың өз геотехникалық қызметі атқарды. Жұмыс

барысында мамандар ұзындығы 1047 метр болатын оқпанның 627 метр тереңдігінде лазерлік сканерлеу жүргізді. Заманауи құрылғы өндірісті тоқтатпай-ақ миллиондаған өлшемдер алуға және нысанның егжей-тегжейлі үшөлшемді моделін жасауға мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер оқпанның геометриясын жоғары дәлдікпен бақылауға, конструкциялардың жай-күйін қадағалауға және уақыт өте келе көтеру кешенінің жұмысына әсер етуі мүмкін шағын ауытқулардың өзін анықтауға жол ашады. — Бүгінде цифрлық технологиялар тау-кен өндірісінің ажырамас бөлігіне айналған. Біз нысанның жай ғана суретін емес, оның жағдайын талдауға, өзгерістерді болжауға және нақты деректер негізінде шешім қабылдауға мүмкіндік беретін цифрлық моделін алып отырмыз. Бұл жұмыс қауіпсіздігі мен шахта инфрақұрылымын пайдаланудың сенімділігіне тікелей әсер етеді, — деді комбинаттың бас геотехнигі Кәптілеу Шүкірбаев. Маманның айтуынша, цифрлық егізді енгізу мәселелер туындағанда әрекет етуден, оларды алдын ала болжауға көшуге мүмкіндік береді. Инженерлер ықтимал тәуекелдерді ерте кезеңде анықтау, жөндеу жұмыстарын дәлірек жоспарлау және жабдықтардың жоспардан тыс тоқтап қалуын болдырмау құралына ие болды. Қазір скип оқпанының бір жағынан тексеру жұмыстары аяқталды. Келесі кезеңде қарама-қарсы жақтан қайта сканерлеу жүргізіледі. Жұмыстар толық аяқталғаннан кейін нысанның толыққанды цифрлық егізі қалыптасады. Ол алдағы уақытта нысанның жай-күйін тұрақты қадағалау мен талдаудың негізіне айналады. **Ләззат ӘБДІРОВА.**

ДАМУДЫҢ
ОРТАҚ ЖОЛЫ

Елорда мен Ақтөбенің өндірісті өңірі — Хромтау ауданының байланысы да ел дамуының біртұтас бағытын көрсетеді. Астананы Хромтаумен жалғайтын жол — екі өңір арасындағы көлік қатынасының ғана емес, экономикалық және іскерлік байланыстың маңызды арнасы.

Сарыарқаның төрінде орналасқан Астана мен өндірісі өркендеген Хромтаудың даму жолында ортақ ұқсастық бар. Бірі — заманауи бастамалар мен жаңа мүмкіндіктердің орталығы болса, екіншісі — еңбегімен ел экономикасының нығаюына үлес қосып отырған өндірістік аймақ.

Хромтау — тау-кен саласы дамыған, еңбек дәстүрі қалыптасқан өңір. Аудандағы ірі кәсіпорындар мен инвестициялық жобалар отандық өндірістің қуатын арттырып, еліміздің экономикалық әлеуетін көтеруге ықпал етіп келеді. Ал Астана — осындай өңірлердің дамуына бағыт беріп, жаңа жобалардың жүзеге асуына мүмкіндік жасайтын маңызды орталық.

Бүгінде сапалы жол мен дамыған инфрақұрылым аймақтар арасындағы байланысты күшейтудің басты тетігіне айналды. Халықтың жүріп-тұруына, кәсіпкерліктің өркендеуіне, өндірістік және әлеуметтік жобалардың жүзеге асуына жолдың маңызы зор. Өйткені жол — тек қашықтықты қысқартатын бағыт емес, елдің бірлігін бекемдейтін, өңірлерді жақындастыратын даму арнасы.

Астана мен Хромтауды байланыстыратын басты күш — ортақ мақсат, еңбек және ел болашағына деген сенім.

Елорда күні — барша қазақстандықтардың жетістігін айшықтайтын мереке болса, Хромтау секілді өңірлердің табысы — сол дамудың нақты көрінісі.

Елордасы еңселі, өңірлері өркендеген еліміздің әрбір жетістігі — ортақ мақтаныш. Астана мен Хромтау арасындағы байланыс та осы біртұтас дамудың жарқын үлгісі болып қала береді.

ЖАҢАРУ МЕН
ЖАҢҒЫРУДЫҢ
АЙҒАҒЫ

Астана — тәуелсіз Қазақстанның жетістігін, заманауи даму бағытын және жаңа мүмкіндіктерін айшықтайтын шаһар. Жыл сайын құлпырып, жаңа сипатқа ие болып келе жатқан елорда бүгінде сәулетімен ға-



АСТАНА — ӨҢІРЛЕРДІ
БІР МАҚСАТҚА
БІРІКТІРГЕН ҚАЛА

Астана күні — ел тарихындағы маңызды белестердің бірі. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа дәуірінің символына айналған елорда бүгінде тек саяси және әкімшілік орталық ғана емес, елдің экономикалық, мәдени және әлеуметтік дамуына серпін беретін ірі мегаполис.

на емес, көлік, инфрақұрылым және қала өмірін жақсартуға бағытталған жобаларымен де ерекшеленеді.

Елорданың заманауи келбетінің бір көрінісі — жеңіл рельсті көлік жүйесі (LRT) жобасы. Қаланың қарқынды өсуіне байланысты көлік қатынасын жетілдіру, тұрғындарға қолайлы әрі тиімді қозғалыс мүмкіндігін қалыптастыру мақсатында қолға алынған бұл жоба Астананың жаңа даму кезеңінің белгісіне айналды. LRT желісі елорданың маңызды бағыттарын байланыстырып, қоғамдық көлік жүйесін дамытуға, жолдағы көлік жүктемесін азайтуға және қала тұрғындарының уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін инфрақұрылымдық бастама ретінде қарастырылады.

Бүгінде Астана — биік ғимараттар мен кең көшелердің ғана емес, инновациялық шешімдер мен болашаққа бағытталған жобалардың қаласы. Елорданың әрбір жаңа нысаны —



ерекше атмосферасын сезінді. Бағдарлама барысында Абай әндері, қазақ операларының таңдаулы шығармалары және шетел композиторларының әйгілі туындылары орындалды. Бұл сапар елорданың мәдени әлеуетін өңірлермен бөлісіп, өнер арқылы халықты жақындастырған айтулы оқиғаға айналды.

Астана — тек сәулетімен емес, мәдениетімен де ел бірлігін нығайтатын шаһар. Елорда өнерінің Хромтау төрінде шырқалуы — қос өңір арасындағы рухани байланыстың жарқын белгісі.



уақыт талабына сай дамудың, заманауи урбандалу үдерісінің көрінісі.

Ел жүрегі саналатын Астана өзінің келбеті арқылы Қазақстанның жаңашылдыққа ұмтылысын көрсетіп келеді. Қаланың дамуы — елдің дамуымен сабақтас, ал әрбір жаңа жоба халыққа қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

ЕЛОРДА ӨНЕРІ —
ХРОМТАУДА

Астана күні — ел рухын асқақатып, елордамыздың жетістіктерін дәріптейтін маңызды мереке. Елорда мен өңірлер арасындағы мәдени байланыстың жарқын көрінісінің бірі — «Астана опера» театры өнерпаздарының Хромтауға жасаған гастрольдік сапары болды.

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында ұйымдастырылған өнер сапарында елордалық опера труппасы мен оркестрі өндірісті өңір тұрғындарына жоғары деңгейлі концерттік бағдарлама ұсынды.

Өнерпаздар алдымен өндіріс орындарында болып, еңбегімен ел дамуына үлес қосып жүрген жұмысшылармен кездесті. Хромтауда жаңадан ашылған мәдениет орталығында өткен концертте көрермендер қазақ және әлем классикасының үздік туындыларын тамашалап, өнердің

ЕҢБЕК ПЕН БІЛІМ
БАЙЛАНЫСЫ

Елдің жүрегі, жаңа мүмкіндіктер мен биік мақсаттардың орталығы саналатын Астана жыл өткен сайын жаңарып, заманауи келбетке ие болып келеді. Бүгінде елордамыз еліміздің әр өңірімен тығыз байланыс орнатқан ірі шаһарға айналды. Астана мен Хромтауды тек қашықтық емес, ортақ еңбек, білім, мәдениет және экономикалық байланыстар жақындастырады. Бүгінде Хромтау өңірінде өндірілген сапалы өнімдер елорда төріндегі сауда орындарынан табылып, аудан кәсіпкерлерінің еңбегін кеңінен танытуға мүмкіндік беруде.

Елорда — білім мен ізденістің де ордасы. Хромтаудың талай жастары арман қуып Астана қаласындағы жоғары оқу орындарында білім алып, заманауи мамандықтарды меңгеруде. Олар — туған жердің келешегі, ел дамуына үлес қосатын жаңа буын.

Сонымен қатар Астанада жүзеге асырылып жатқан ірі жобалар мен заманауи бастамалар өңірлердің дамуына жаңа серпін береді. Ал Хромтау сияқты өндірістік аймақтардың жетістігі — ел экономикасының тұрақты дамуының негізі.

Астана — алысты жақындатқан, өңірлерді бір мақсатқа біріктірген қала.

Ләззат ӨБДІРОВА.

ГАЗ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ — ӘР АДАМНЫҢ МІНДЕТІ

Жылыту маусымында және тұрмыста газбен немесе пешпен жылыту жүйелерін пайдалану кезінде көмірқышқыл газы мен иіс газынан улану қаупі артады. Көп жағдайда мұндай оқиғалар тұрғындардың қауіпсіздік талаптарын сақтамауының, жылыту құрылғыларының ақаулы болуының немесе мұржалардың уақытылы тазаланбауының салдарынан орын алады. Иіс газының ерекшелігі — оның түсі де, иісі де болмайды. Сондықтан адам оның таралғанын байқамай, бірнеше минуттың ішінде улануы мүмкін.



Иіс газы көмір, ағаш, газ немесе басқа да отын толық жанбаған кезде бөлінеді. Пештің дұрыс тартпауы, мұржаның бітелуі, газ жабдықтарының ақауы немесе үй-жайдың жеткілікті желдетілмеуі улы газдың бөлме ішіне жиналуына әкеледі. Мұндай жағдай адам өміріне үлкен қауіп төндіреді.

Иіс газымен уланудың алғашқы белгілеріне бас ауруы, әлсіздік, бас айналу, жүрек айну, тыныс алудың қиындауы, ұйқышылдық

және естен тану жатады. Мұндай белгілер байқалған жағдайда зардап шеккен адамды дереу таза ауаға шығарып, жедел медициналық көмек шақыру қажет.

Осындай қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін мынадай қауіпсіздік талаптарын сақтау маңызды:

- пештер мен жылыту қазандықтарының техникалық жағдайын үнемі тексеріп отырыңыз;
- мұржалар мен түтін шығалудың қиындауы, ұйқышылдық

көз жеткізіп, оларды тұрақты түрде тазалаңыз;

- газ жабдықтарын өз бетіңізше жөндеуге әрекет жасамаңыз, бұл жұмысты тек мамандарға сеніп тапсырыңыз;

- жұмыс істеп тұрған газ плитасын немесе пешті ұзақ уақыт қараусыз қалдырмаңыз;
- жылыту құрылғылары орналасқан бөлмелерді жүйелі түрде желдетіп тұрыңыз;

- үй ішінде көмір немесе басқа да отынды жағуға арналмаған құрылғыларды пайдаланбаңыз;

- мүмкіндігінше иіс газын анықтайтын арнайы датчиктерді орнатыңыз.

Егер үй ішінде газдың иісі сезілсе немесе иіс газынан улануға күдік туындаса, ешқандай электр құралдарын қоспай және өшірмей, барлық терезелер мен есіктерді ашып, адамдарды сыртқа шығарып, тиісті апаттық қызметтерге хабарлау қажет.

Балалар мен қарт адамдар иіс газының әсеріне өте сезімтал келеді. Сондықтан оларды қараусыз қалдырмау, үйдегі жылыту жүйелерінің қауіпсіздігіне ерекше назар аударуы қажет.

Сондықтан өз үйіңіздегі жылыту және газ жабдықтарының жарамдылығын үнемі бақылауда ұстаңыз. Қарапайым сақтық шараларын сақтау арқылы өзіңіздің және жақындарыңыздың өмірін сақтап қалуға болады. Қауіпсіздік талаптарын орындау — әрбір азаматтың жауапкершілігі.

Хромтау ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі аудан тұрғындарын пешпен жылыту және газ жабдықтарын пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға, жылыту жүйелерін уақтылы тексертіп, төтенше жағдайлардың алдын алуға шақырады.

Хромтау ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

«ҚАЗГЕОРУД» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 12 тамызда сағат 11:00-де мына мекенжай бойынша: Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Көпін ауылдық округі, Көп ауылы, М.Мәңшүк көшесі, 22 үй, «Лиманное» кен орнын игеру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары (екінші кезеңді – жерасты тау-кен жұмыстарын қоса алғанда) бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар (ҚОӘБ, ШРН, ШТН, ҚОБЖ, ҚҚБ, ӨЗБ) бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Көпін ауылдық округі.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ Жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін кешіктірілмей 3 жұмыс күні бұрын ҚО ТРЖ ҰДБ порталда, сондай-ақ aktobe.uprrp@yandex.kz, электрондық пошта мекенжайлары арқылы қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/81215385692?pwd=Fzt2jUWbyvD5hFjJoES40AbgGbnVpr.1>

Идентификаторы: 812 1538 5692.
Кілт: 48meVh.
Жоспарланып отырған қызметтің операторы: «ҚазГеоруд» ЖШС, БСН: 050640010572, АҚТӨБЕ Қ., АСТАНА АУДАНЫ, МАРЕСЬЕВ КӨШЕСІ, 4Г ҮЙ, тел: +7(702)-333-24-55.

Жоспарланып отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу, қоғамдық тыңдауларды өткізу мәселелері бойынша, сондай-ақ осы қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін +7 771 554 29 17 телефоны арқылы немесе gulzira.m@tauengineers.com электрондық поштасы арқылы хабарласа аласыз.

Жоба әзірлеушісі: «Tau Engineering and Consultants» ЖШС, БСН: 030540007753, ҚР, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фа-раби даңғылы, 5 үй, 13-жай, тел. 8-701 705-05-80.
Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Көпін ауылдық округі: 1. 49°49'25.09"с.е. 58°42'25.42"ш.б.; 2. 49°49'29.61"с.е. 58°43'36.73"ш.б.; 3. 49°47'40.43"с.е. 58°43'49.51"ш.б.; 4. 49°47'43.31"с.е. 58°41'41.80"ш.б.
Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошта мекенжайы: Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы, 40; aktobe.uprrp@yandex.kz.

ТОО «КАЗГЕОРУД»

в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 час 00 мин. 12 августа 2026 года по адресу: Актюбинская область, Хромтауский район, Копинский с.о., с.Копан ул.Маншук М. д. 22 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам для получения экологического разрешения на воздействие (РООС, НДВ, НДС, ПУО, ППМ, ПЗК) «Плана горных работ по отработке месторождения «Лиманное» (включая вторую очередь – подземные горные работы).

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Актюбинская область, Хромтауский район, Копинский с.о.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале НБД СОС и ПР, а также по электронной почте: aktobe.uprrp@yandex.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний. <https://us05web.zoom.us/j/81215385692?pwd=Fzt2jUWbyvD5hFjJoES40AbgGbnVpr.1>. Идентификатор конференции: 812 1538 5692.
Код доступа: 48meVh.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО «КазГеоруд», БИН: 050640010572, Г.АКТОБЕ, РАЙОН АСТАНА, УЛИЦА МАРЕСЬЕВА, ДОМ 4Г тел: +7(702)-333-24-55.

Для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также для запроса копий документов, относящихся к данной деятельности, вы можете обратиться по телефону: +7 771 554 29 17 или по электронной почте: gulzira.m@tauengineers.com.

Разработчик проекта: ТОО «Tau Engineering and Consultants», БИН: 030540007753. РК, Алматы, Бостандыкский Район, Проспект Аль-Фараби, Дом 5, Н.П. 13, тел. 8-701 705-05-80.

Географические координаты территории воздействия: Актюбинская область, Хромтауский район, Копинский с.о., 1. 49°49'25.09"С 58°42'25.42"В; 2. 49°49'29.61"С 58°43'36.73"В; 3. 49°47'40.43"С 58°43'49.51"В; 4. 49°47'43.31"С 58°41'41.80"В.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Актюбинской области: Актюбинская область, г.Атобе, пр.Абылхайр хана, 40; aktobe.uprrp@yandex.kz.

■ АЛҒЫС АЙТАМЫН

ЖАҚСЫЛЫҚ — КӨҢІЛГЕ МЕДЕУ

Никельтау станциясында тұрамын. Жақында ота жаса-тып, денсаулығыма байланысты қиын кезеңді бастан өткердім. Осы орайда маған қолдау көрсетіп, жанашырлық танытқан жандарға газет арқылы өз алғысымды білдіргім келеді. Атап айтқанда, Никельтау станциясының әлеуметтік қызметкері Мариям Әбдірахмоноваға және медицина қызметкері Мөлдір Шамироваға ерекше ризашылығым-

ды білдіремін. Олардың адамға деген ықыласы, көрсеткен көмегі мен жылы қарым-қатынасы мен үшін үлкен демеу болды. Осындай мейрімді жандардың еңбегі әрдайым бағалы. Оларға зор денсаулық, отбасыларына амандық, еңбектеріне табыс, өмірлеріне бақыт пен береке тілеймін.

Қыдырбай НҰРСАНОВ.

МОСКИТ ТОРЫ ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛЫ ЕМЕС!

Жаз мезгілінің басталуымен бірге балалардың терезеден құлау оқиғаларының саны арта түседі. Көп жағдайда мұндай қайғылы жағдайлар ата-аналардың балаларды қараусыз қалдыруынан немесе қауіпсіздік талаптарының сақталмауынан болады. Өкінішке қарай мұндай оқиғалар баланың ауыр жарақат алуына, мүгедектікке немесе өмірінен айырылуына әкелуі мүмкін.

Көпшілік москит торын қауіпсіздік құралы деп ойлайды. Алайда бұл — үлкен қателік. Москит торы жәндіктерден қорғауға ғана арналған және баланың салмағын көтеру-ге есептелмеген. Бала торға сүйенген сәтте ол орнынан шығып кетіп, қайғылы жағдайға себеп болуы мүмкін.

Әсіресе 2 мен 7 жас аралығындағы балалар қауіп-қатерді толық бағалай алмайды. Олар ойын барысында орындыққа, үстелге немесе терезе алдына шығып, ашық тұрған терезеге жақындауы мүмкін. Сондықтан баланы үйде бір сәтке де қараусыз қалдыруға болмайды.

Осындай қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін әрбір ата-ана келесі қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы қажет:

- * балаларды ашық терезесі бар бөлмеде жалғыз қалдырмаңыз;
- * москит торына сенбеңіз, ол қорғаныс құралы болып табылмайды;

ХАБАРЛАНДЫРУ

14.08.2026 ж. сағат 15:00-де Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Ақжар ауылы, Әйтеке Би көшесі, 67, Мәдениет үйі мекенжайы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОӘБ); рұқсат етілген шығарындылар нормативы (РШН); қалдықтарды басқару бағдарламалары (ҚББ); экологиялық бақылау бағдарламалары (ЗББ); "РФ шекарасы (Самараға)" Республикалық маңызы бар М-32 автомобиль жолын реконструкциялау кезінде кірме жолдары бар №2,3,1,3,2,5 топырақ резервтерінде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру кезінде "СП Сине Мидас Строй ЖШС бұзылған жер учаскелерін рекультивациялау" к табиғат қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚІ))- Шымкент" Ақтөбе-Қарабұтақ-Ұлайсын учаскесі", 763-1025 км, Хромтау ауданының аумағындағы 719-819 км учаскесі.

Жобаның тапсырыс берушісі - "СП "Сине Мидас Строй" ЖШС, БСН 060340007296. Заңды мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі 9/2.

Жобаны әзірлеуші:"Еco-Logic" ЖК, Қазақстан Республикасы, 100008, Қарағанды қ., Жамбыл к-сі, 1,21, тел: 87077231069.

Әсер ету аумағы-Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Ақжар ауылдық округі. Учаскенің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары: топырақ резерві №2 : 1 - 50°16'04.4770", 57°56'15.1880"; 2- 50°16'02.0915", 57°56'26.4279"; 3- 50°15'45.6938", 57°57'00.2231"; 4- 50°15'42.1861", 57°56'55.9892"; 5-50°15'58.5496", 57°56'07.2579" топырақ резерві №3 : 1- 50°15'24.8969", 58°01'30.0344" ; 2- 50°15'36.4428", 58°01'47.8324"; 3 - 50°15'07.5475", 58°02'27.4864" ; 4-50°14'57.7923", 58°02'07.2285" .

Әсер ету аумағы жұмыс жүргізуге белгіленген аумақпен шектеледі.

Жоба материалдарымен ҚО ТРЖ ҰДБ порталдың (<https://ndbecology.gov.kz/>) және "Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ сайтында "Қоғамдық тыңдаулар"бөлімінде танысуға болады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 100008, Қарағанды қ., Жамбыл к-сі, 1,21, e-mail: dr.hadron@mail.ru. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей электрондық мекенжай бойынша қабылданады: dr.hadron@mail.ru, www.bioto1@gmail.com.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9ZdLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1>, идентификатор конференци: 234 938 7375, код: 1ed70s.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

14.08.2026г. в 15:00 в селе Акжар, Хромтауского района, Актюбинской области, по адресу: с.Акжар, ул.Айтеке Би, 67, дом культуры, проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам: Раздел Охраны Окружающей среды (РООС); Нормативов допустимых выбросов (НДВ); Программы управлении отходами (ПУО); Программы экологического контроля (ПЭК); План природоохранных мероприятий (ППМ) к «Рекультивация нарушенных земельных участков ТОО СП Сине Мидас Строй» при добыче общераспространенных полезных ископаемых в грунтовых резервах №2,3,1,3,2,5 с подъездными дорогами при реконструкции автомобильной вгрунто республиканского значения М-32 «Граница РФ (на Самару)-Шымкент» участок Актобе-Карабутақ-Улайсын», км 763-1025, участок км 719-819 на территории Хромтауского района».

Заказчик проекта – ТОО “СП «Сине Мидас Строй», БИН 060340007296.

Юридический адрес: г.Актобе, ул.Смагулова 9/2.

Разработчик проекта – ИП «Еco-Logic», Республика Казахстан, 100008, г. Караганда, ул. Жамбула, 1,21, тел: 87077231069.

Территория воздействия – Актюбинская область, Хромтауский район, сельский округ Акжар.

Географические координаты угловых точек участка: Грунтовой резерв №2 : 1 - 50°16'04.4770", 57°56'15.1880"; 2- 50°16'02.0915", 57°56'26.4279"; 3- 50°15'45.6938", 57°57'00.2231"; 4- 50°15'42.1861", 57°56'55.9892"; 5-50°15'58.5496", 57°56'07.2579" Грунтовой резерв №3 : 1- 50°15'24.8969", 58°01'30.0344" ; 2- 50°15'36.4428", 58°01'47.8324"; 3 - 50°15'07.5475", 58°02'27.4864" ; 4-50°14'57.7923", 58°02'07.2285"

Территория воздействия ограничена территорией, определенной под ведение работ.

С материалами проекта можно ознакомиться на портале НБД СОС и ПР (<https://ndbecology.gov.kz/>) и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Актюбинской области» в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию можно получить по адресу: Республика Казахстан, 100008, г. Караганда, ул. Жамбула, 1,21, e-mail: dr.hadron@mail.ru.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу: e-mail: dr.hadron@mail.ru

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9ZdLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1>, идентификатор конференции: 234 938 7375, код: 1ed70s7.

ОБЪЯВЛЕНИЯ

Открыто наследственное дело на имя Хасенова Айбека Муратовича, 03 декабря 1939 года рождения, умершего 01 июня 2026 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул. Абая, 1, к нотариусу Козбагарову К.К.

Открыто наследственное дело на имя Курмангазинной Тазагулы Уразбаевны, 25 июля 1938 года рождения, умершей 25 января 2026 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул. Абая, 1, к нотариусу Козбагарову К.К.

Открыто наследственное дело на имя Козачок Антонины Леонтьевны, 25 июля 1939 года рождения, умершей 01 марта 2026 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул. Абая, 1, к нотариусу Козбагарову К.К.

Открыто наследственное дело на имя Яковенко Ивана Андреевича, 09 декабря 1955 года рождения, умершего 24 мая 2026 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул. Абая, 3, к нотариусу Беркимбаеву О.К.

Пропуск на имя Ибраевой Д.В. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Дукенбаева А.Б. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Шайжан Ә.Н. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Жексенбаева А.Ш. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Жолдыбаева О.М. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Нұрмұханова Ж.Ж. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Харламова В.А. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Изиманова К.М. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Уразова Н.С. в связи с утерей считать недействительным.

Меншік иесі «Хромтау» газеті редакциясы» ЖШС

Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 жылдың 22 желтоқсанында тіркеліп №15026-Г куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Редакцияға түскен колжазбалар қайтарылмайды. Кей суреттер интернеттен алынады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Редакция мекенжайы:

Хромтау қаласы, Куразов көшесі, 9

телефон: 27-7-45

ХРОМТАУ

Директор-редактор Қуандық РЕЙМОВ

Газет басылды:

**«ASU» баспа үйі,
«Сыр медиа» ЖШС-і баспаханасы.
Қызылорда қаласы,
Бейбарыс Султан көшесі, 4 «А»
Баспахана телефоны: 87242/400668.**

Газет аптасына бір рет шығады.

Таралымы 1110 дана. Тапсырыс №1115

Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65520